

Семинардың тақырыбы: Радиожурналистиканың стильдік бейнелеуші құралдары. «BBC» (Бритиш Бродкастинг Корпорайшн) радиохабарларының ерекшеліктері.

Семинардың мақсаты: Радиожурналистиканың стильдік бейнелеуші құралдарына, дыбысқұрудың өзіндік әдіс-тәсілдеріне тоқталу, «BBC» (Бритиш Бродкастинг Корпорайшн) радиохабарларына, ерекшеліктеріне талдау жасау.

Бұл аталған екінші топ журналистің шығармашылық еркіндігіне құрылады, әрі өзіндік қолтаңба қалдыруға жетелейді. Бейнелеуші құралдардың бұл түрі бағдарламаның стилін құрастыруға негіз болады, әрі журналистің материал мазмұнын баяндаудағы өзіндік жеке әдіс-тәсілдері, әңгіме ырғағы қалыптасады.

Ең алдымен дыбысқұрудың өзіндік әдіс-тәсілдеріне тоқталамыз:

бірінші – реверберация, яғни дыбыс жазу процесінде басқару тетігінің көмегімен журналист дауыстың және болған оқиға туралы жазбаның дыбысталуына қосымша әр береді, әрі жаңғырық қосады. Бұл тәсіл тыңдаушының ынтасын, назарын кейіпкердің сөзіне, журналистің сөз қолданысына аударту және оқиғаның дыбыстық бейнесін айшықтау мақсатында қолданылады.

Екінші – «Буратино» тәсілі. Бұл тәсілді бейнелеуші құрал ретінде ашқан режиссер **Роза Иоффе.** Магнитофон таспасын жылдам немесе баяу айналдыру арқылы техникалық брақты тиімді көркем тәсілге айналдыру туралы жаңалық Алтын кілт немесе Буратиноның басынан кешкендері атты балаларға арналған радиоспектакльде алғаш қолданылды. Осы аталған тәсілдің көмегімен ағаш адамның құлаққа жағымды сөздері, Қарабастың жуан дауыспен айтылған сөздері, қуыршақ артистердің жіңішке дауыстары, дуэттер, квартеттер құрылды, ең бастысы мұның бәрі бір ғана актердің дауысын әр қырынан құбылтудың жемісі еді. Буратино тәсілі журналистің шығармашылығында кең қолданысқа ие болды. Бұл сұхбат беруші адамның сөзін тілшінің мысқылмен баса көрсетуіне мүмкіндік береді.

Үшінші – дыбыстық мизансцена. Эфирде сөз болып жатқан әңгімеге қатысушы адамдарға микрофонды ұсынудың, бағыттаудың тәсілдері. Микрофонды барлық адамдардың сөзі бір деңгейде естілуі жағдайында орнату және қолдан-қолға ұсыну, жақындату немесе алыстату, яғни оқиғаның жалпылық мәнін ашу үшін қолдану әдісі. Керісінше микрофонды тек бір ғана дауыстың айқын, әрі айрықша естілуі жағдайында орнатуға болады, мұндай жағдайда бір ғана дауыс немесе дыбыс хабардың сюжеттік, мәндік, эмоционалдық негізін құрайды.

Бұл тәсіл журналистің әңгімесінің маңыздылығын арттырып, сонымен қатар шынайылығын танытады, тарихи сипат береді.

Төртінші – дауыстық әрлеу. Бұл тәсіл радиотеатрда көп қолданылады, әрі шығу тегі де драмалық қойылымдардан бастау алады. Нақты анықтама берер болсақ, бұл – оқиғаның бар болмысын (атмосферасын) әр қырынан жан-жақты ашу үшін журналистің сөзіне эмоционалдық бояу, әр беру және сөздің айтылу мәнеріне, ырғағына ерекше назар аудару. Бұл актерлік шеберлікті қажет етеді. Дауысты әрлеу журналистке кез келген жағдайда керек. Шын мәнінде қоғамның кез келген мүшесін қызықтыратын оқиғаның тек өзіне тән қайталанбайтын эмоционалдық атмосферасы болады. Тек сол атмосфераны дәл беретін тонды табу қажет – көңілді немесе көңілсіз, тез немесе баяу, әр сөзін балғамен шегелегендей нақты немесе таңғы шықтай мөлдір, мұның бәрі кәсіби шеберлікке тікелей байланысты. Мәселен, футболдан репортажды комментатордың кабинасында отырып алып, жай дауыспен баяндауға немесе өзі доп қуып жүрген футболшының немесе шынайы жанкүйердің бейнесіне еніп, бар ынтамен әңгімелеуге де болады, мәселе – осы жарыстың нағыз болмысын сөзбен қаншалықты деңгейде сомдап бере білуіңіз бен тыңдаушыларға қаншалықты дәрежеде жеткізе алғандығыңызда, журналист әр оқиғаның өзіндік баяндау мәнері, сөйлеу стилі болатынын әрқашанда естен шығармау қажет.

Монтаж. Монтаж сөзі француз тілінен аударғанда екі мағына береді. Техникалық мағынасы – «алдын ала жасалған жоспар бойынша, жоба, кескіндеме бойынша дайын бөлшектерден, басқа құрал-жабдықтардан машина құрастыру, құрылыстар тұрғызу, жөндеу жұмыстарын жасау». Екіншісі – «белгілі бір шығарманы жүйелеп жасау үшін әртүрлі бөлімдерді таңдап, оларды құрастыру, мысалы, кинода сценарийде жазылған жүйе бойынша түсірілген фильмнің бөлшектерін таңдап алып, құрау».

Бізге екінші мағына сәйкес келеді, өнер, әдебиет сияқты журналистика да шығармашылық процесс болып табылады. Журналист радиохабарды жасамас бұрын, оның құрылымын анықтап, әрі құрып алады, шығарма құрылымына қажетті жеке элементтердің мән-мазмұнын ойша жіктеп алады. Әрине, бұл жұмыс процесінде өзгерістерге ұшырайды, дегенмен түпнұсқасы сақталады.

Монтаж – хабарды алдын ала жазу барысында техникалық құрал ретінде танылса, ал тікелей эфирде біртұтас құрылымның өзіндік пішіні деп есептеледі, яғни хабардың жеке бөліктерін жалғау, сабақтастыру мәнінде қолданылады. Сонымен қатар ұнтаспаға жазылған хабарды бір жүйеге түсіріп, артық-кемі жоқ толыққанды туындыға айналдыру процесінде іріктеу әдісі үлкен роль атқарады, ғалымның сөзімен айтсақ «іріктеу әдісі –

бұл монтаж процесінің бастапқы нүктесі. Монтаж – бұл жекелеген бөліктерді жүйелеу, салыстыру, қарсы қою үшін біріктіру».

Сонымен қатар төмендегідей талаптарды ескеру қажет:

а) монтаждық бөліктердің ішкі байланысы және олардың ұқсастығы немесе қарама-қайшылығы;

ә) монтаждық бөліктердің бір-біріне деген эмоциялық қатынасы;

б) олардың ырғақты уақыттық мөлшері.

Радиоәңгіменің, радиокөпшіліктің, сұхбаттың жоспарын құру, сұрақтардың тізбесін жасау – монтаждың алғашқы формасы, бұл қажетті материалдарды таңдауға, болашақта жасалатын фрагменттерді ойша түзуге белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. Біздің тіл қатысуымыз, ойымыз, қоршаған ортаны қабылдауымыздың бәрі өңделуден тұрады. Радионың барлық бағдарламалары әртүрлі элементтер негізінде құрастырылып, өңделеді. Мәселен, ақпараттық хабарлардың құрылымын алсақ, бұл жерде жинақтау процесінің өзі жалпы монтаж деңгейінде түсіндіріледі, яғни ішкі байланыстарын жүйелеп құрастыру жалпы оқиғалардың жиынтығын түзу. Монтаж – ішкі байланыстарды түзудің негізгі жолы.

Монтаж жасаудың мүмкіндіктері әр жанрда алуан түрлі, яғни мәтінді жүйелеуден бастап, ұзақ сөздерді қысқарту, сәтсіз фрагменттерді алып тастау, техникалық жағынан дұрыс жазылмаған жерлерді үзіп алу, дыбыстық образды құрастыру.

Дыбыстық образ жасау негізінде монтаж жатыр, бұл жөнінде зерттеуші **А.А. Шерель** төмендегідей анықтама береді: «Монтаж – это совокупность звуковых (речевых, музыкальных, шумовых) элементов, создающих посредством ассоциаций в обобщенном виде представление о материальном объекте, явлении, характере человека».

Монтажды шығармашылық бағытта қолданудың тәсілдерін және оның қызмет формасын былайша көрсетуге болады:

- мәтінді қысқарту;
- авторлық мәтін мен деректі жазбалар үзінділерінің сабақтастығы негізінде құрылымдық өзгерістер жасау;
- белгілі бір уақытқа сығымдау;
- материалдың мазмұнына сәйкестендіріп, сонымен қатар автордың негізгі ойына сүйене отырып, қажетті дыбыстық бейнелеуші құралдарды, декорацияларды қолдану;

-эртүрлі кеңістікті танытатын және уақытты көрсететін жазбалардың жоспарын құру, сол арқылы оқиғаның болған мерзімін, сол оқиға өткен жерді сөзбен сипаттап, әр қырынан суреттеу;

-эртүрлі дыбыстық бейнелеуші (көркемдеу) құралдарын қарама-қарсы бағытта қолдану, яғни алуан түрлі пікірлердің, психологиялық тартыстардың, жоспарлардың, көріністердің қайшылығын көрсетуде шеберлікпен пайдалану;

-сюжет қозғалысында жүйелі, тізбекті, қатар жүру тәсілдерін қолдану;

-радиотуындының жиынтық композициясын құру.

Монтаж кезінде дыбыс күші (жоғары, төмен, контраст), пауза, бейнелеуші құралдар (сөзді музыкамен көркемдеу, эртүрлі шуларды сабақтастыра пайдалану, олардың ұзақтығы) эртүрлі нұсқада қолданылады.

Хабар жасау барысында монтажды қолдану аясы жанрлардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сай, яғни атқаратын қызметі мен міндеті, стилистикалық және акустикалық өзгешеліктеріне орай анықталады.

Монтаж жанрлық қызметке тәуелді, белгілі бір мәселені шешу бағытына тәуелді, сонымен қатар жанрдың архитектурасын, ішкі байланыстарын анықтап, алға қойылған шығармашылық міндеттердің іске асуына көмектеседі. Ақпараттық радиохабарда монтаж қарапайым, бірақ маңызды, яғни фактіні тандап, іріктеу, мазмұндау, жалпы бағдарламаның құрылымында алатын орны сияқты пішінде танылады. Ал радиоэңгімеде, радиокомпозицияда монтаж дыбыстық образды құрастырудың басты құралы ретінде қолданылады.

Көркемдеу құралдары бір-бірімен тығыз байланысып, әрі сабақтасып мазмұнды, акустикалық бірліктегі жиынтық туынды түзеді.

Монтаж түрлері:

1) Акустикалық – радиохабардағы жеке дыбыстық элементерді және дыбыстық үзінділерді бір құрылымдық жүйемен ұнтаспада басын қосып, біріктіріп жазудың техникалық процесі. Сонымен қатар мазмұндық және дыбыстық құрылымдар байланысының біртұтас жүйесі, яғни драматургиялық конструкция қызметін атқарушы жүйе. Монтаж автордың идеологиялық және эстетикалық позициясын көрсетуші, көркем ойын таныту әдісі және шындықты шығармашылық ой елегінен өткізудің көрсеткіші.

Монтаж – деректі материалды көркемдеп ұйымдастырудың тәсілі. Бір пікірді бірнеше мағынада қолданып, әр оқиғаның мазмұнын бірнеше қырынан ашу үшін пайдалануға болады.

2) **Монтажды** тікелей эфирде де іске асыруға болады, яғни жалпыхалықтық, ұлттық сипаттағы хабарларды ұйымдастырудың, бір тақырыпты ашу аясында бірнеше хабарды бір-бірімен сабақтастыра беру. Бұл – монтажды қосақтастырып қатар қолдану түрі.

3) **Тізбектелген монтаж** – мән-мазмұны, эмоционалдық жағынан тығыз байланысқан дыбыстық фрагменттердің өз дербестігін, ішкі логикалық мазмұнын сақтай отырып, бір жүйеге топтастыру. Бұл кинематографиядағы эпизодпен сәйкес келеді, яғни монтаждың жеке элементтері – кадрлар бір ырғақпен кезектесіп монтаждық фразаны құрайды. Ал радиода дыбыстық элементтер құрастырылып, жүйеленіп келіп қана оқиға жөнінде толық баяндалады, эпизодтар бірлесіп бір хабар ұйымдастырылады, бұл жерде ең басты ескеретін нәрсе айтар ойыңды нақты, шынайы деректермен тұжырымдай білу қабілеті.

Акустикалық коллаж – әртүрлі фактуралық дыбыстық элементтердің басын қосу, нақты бір тарихи кезеңдегі оқиғаларды бейнелейтін деректі жазбаларды, цитаталарды, лозунгтарды, пікірлерді бүгінгі көзқарас тұрғысынан сөз ете отырып беру.

Сөз

Сөз – адамдардың тіл қатысуында қолданылатын негізгі өнім. Радиожурналистикада сөздің алатын орнын зерттемес бұрын, алдымен сөзге анықтама беріп алайық. Мағжан Жұмабаев бұл жөнінде төмендегідей ой түйеді: «Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз, һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. Сөз болмаса, адамда білім болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жанда суреттер, ұғымдар тұрмас еді. Сөз болмаса, сөзбен адамзаттың бір-бірімен ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой. Ой тілі – сөз».

Ал Ахмет Байтұрсыновтың қағидасына сүйенсек: «бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады». Яғни, Мағжанша айтсақ, адамдардың ішкі жан дүниесіндегі толғаныстарды жеткізудің негізгі құралы, сонымен қатар ойдың тілі – сөз болса, ал Ахметше, көңіл түкпіріндегі өзгерістерді, құбылыстарды жай тілмен емес, көркем, қисыны келіскен сөзбен кестелеп, жүйелеп жеткізу әр азамат үшін парыз болмақ. Ал сөз қадірін бірінші кезекте бағалайтын журналистер үшін, Ахмет Байтұрсыновтың бұл талабы негізгі қағида болуы тиіс.

Ең алдымен, сөзбен жұмыс істегенде журналистің алдында тұратын үш міндетті жүйелеп өтейік:

Біріншісі – журналист көңіл қойып, назар аударған оқиғаны және оның барлық болмысын сөзбен дәл әрі нақты мазмұнда суреттеп тыңдаушыға жеткізе білуі қажет.

«Айтушы өз ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Яғни, әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз». Бұдан шығатын тұжырым сөзді дұрыс тауып қана қоймай, оны оқиғаның бар болмысын, негізгі мән-мазмұнын шынайы етіп суреттейтіндей дәрежеде қолдану керектігі.

Екінші міндет – сөздің оқу мақамын дәл табу, кез келген мәтінді нақышына келтіріп оқи білу шеберлігі. «Бар» немесе «жоқ» сөздерін жазудың бір ғана тәсілі бар, ал айтудың 50 түрі бар, көп жағдайда кері мағынада, яғни айтылу мақамын таппасаңыз кез келген сөздің өзіндік мәні, берер мазмұны жойылады.

Жазбаша түрде немесе ауызша айтылған сөз нақты бір мағынаны білдіретін болса адамның елестету қабілетіне тиімді түрде әсер ете алды, радиожурналист материалының көп бөлігі, әсіресе ақпараттық бағыттағы хабарлары аудиторияға осы жолмен жетіп жатады.

Сөз әдебиетте де, журналистикада да мазмұнды жеткізуші құрал болғандықтан, адамның эмоциясына, кез келген айтылған, көзбен көрген жайтты ойша бейнелей білетін елестету қабілетіне бағытталады. Адам санасында қалыптасқан образ (бейне) табиғатынан күрделі, яғни ол мәндік, эмоционалдық, рационалдық әсерлермен және түйсікпен сезінудің қосындыларының жиынтығы.

Кез келген мәтіндегі әрбір сөзді нақышына келтіріп айтып, оқу мақамына салып, жан-тәніңмен тебірене отырып оқысаң, баяндалған оқиғаның болмысын өзіндік бояуымен әсерлі етіп жеткізе білсең тыңдаушыға әсер етпей қоймайды. Кез келген мәтінді – ауа-райы болжамынан бастап қайғылы жайттар, елең еткізер оқиғаларға дейін – ресми түрде немесе селқос баяндауға болады, сонымен қатар тыңдаушыны толғандырып, селт еткізердей етіп жеткізуге де болады. Бұл үшін журналист шығармашылық адамы болуы тиіс, мәтінді ішкі түйсікпен терең сезініп, тақырып мазмұнына қарай дауысын құбылтып отыруы керек.

«Біз басқаларды тыңдағанда олардың айтқандарын құлақпен қабылдаймыз, содан кейін барып тыңдағанымызды көзбен көреміз» (К.С.Станиславский), яғни, айтылғанды көзбен көру тыңдау болса, ал сөйлеу – ойша елестетіп, бейнелеп тұрған образдарды (ұғымдарды) сөзбен сомдау болмақ.

Үшінші міндет – журналист логикалық және экспрессивті акценттерді, екпіндерді іздеуі қажет. Сөздің әсер ету күші, сөздің әсерлі, әрі бейнелі шығуы үшін журналист дауыстың күшіне емес оқу мақамының (интонация) деңгейіне (жоғарлату немесе төмендету), екпіндердің дұрыс қойылуына

(фонетикалық акценттер), тыныс алудың реттілігіне көңіл қоюы керек. Дауыс күшімен әсер етем деу қате, бұл жағдайда қажетті көңіл-күй туғызу қиын болмақ, бұл тәжірибеде дәлелденген қағида.

Екпін – сөз мәнінің көрсеткіші, сөздегі ой дәлдігінің көрсеткіші. Екпінді дұрыс қолдану дегеніміз оны қай сөзге қою керектігін таба білу ғана емес, оны қай сөздің арасында қолданбау керек екенін сезіну.

Ахмет Байтұрсынұлы «буын екпіні мен сөз екпінінің қолайлы орналасуы сөйлеу әуезділігін тудырады» – дейді. Ауызекі сөйлеу түрінде түрлі сөздердің үндері орайласып, ұнамды құралуын, құлаққа жағымды болып естілуін сөйлеу әуезділігі десек, онда екпіннің айтар ойды жеткізудегі рөлін бағамдауға болады, яғни екпінді дұрыс қолдану сөздің кестесін келтіріп айтудың негізгі шарты.

Радиожурналист, ең алдымен, өзі хабарлап отырған ақпараттың маңыздылығын, шынайылығын сезініп, түсінуі қажет, сонда ғана оның айтқаны сенімді шығады. Тыңдаушыларды хабарға тартудың бір жолы – студия қонағымен еркін сұхбаттасып, шынайы әңгіме айтуға жетелеу.

Ауызекі сөйлесудің негізгі пішіні – диалог, яғни, нақты бір проблеманы шешудің жолдарын бірлесе іздестіріп жүрген немесе бұл бағытта білетін ақпараттарымен ой бөлісуді көздеген екі немесе бірнеше адамның әңгімесі.

Радиодағы диалог құрудың өзіндік ерекшеліктері бар, яғни сөйлеуші адам мен тыңдаушы арасын кеңістік бөліп тұрады, тікелей байланыс жоқ. Бірақ журналист тыңдаушылардың назарын өзіне аударып, белсенді тыңдаушыларды ойша елестетіп, алдын ала оның реакциясын бақылап, ойын түсініп, әңгіме барысында туындайтын сұрақтарды біліп, екеуара әңгімелесіп, бетпе-бет отырғандай әсерде ақпараттардың берілу ретін, логикалық шешімдердің жүйесін құрып алады. Радиоәңгімені, диалогтың, яғни, ауызекі сөйлеу стилінің элементтерін қолдану арқылы шынайы, әрі тартымды етіп құруға болады, ауызекі сөйлесудің мақамын пайдалану, сөздердің құрылу тәртібін бұзу, адам сөйлеп отырып қажетті сөзді таппаған жағдайда немесе ойланған кезде қолданатын сөз арасындағы кідірістерді табиғи қалыпта қолдану.

Диалогта ой дамып, қозғалыста болғаны жөн, әртүрлі көзқарастар мен дәйектемелердің жан-жақтылығынан ойлар туындап, әңгіменің бар мазмұны өз мәнінде ашылғаны дұрыс.

Радиожурналист, ең бастысы, сөз құдіретін бағалайтын, сөздің адам ойының негізгі көрсеткіші екенін түсінетін маман болуы, әрі ол А.Байтұрсынұлы атап өткендей: «Сөздің асыл болуы – адамға ұнауымен. Сөз мағына жағының күштілігімен, көркемділігімен ұнайды». Радиода журналистің бар ойын, пікірін, сезімін жеткізу құралы тек қана сөз десек, онда ауыздан шыққан әрбір сөзге жете мән беріп, тілдің құдіретін жан-тәніңмен сезе білуің қажет. Осы жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін

адамы табылса, тіл шама-қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек».

Радионың негізгі бейнелеуші құралы – сөз. Бұл оның барлық жанрларына тән болуы тиіс. Дегенмен, әр жанрдың тілдік құралдарын іріктеу мен үйлестіру принциптері бір-біріне ұқсамайды. Осыған орай түрлі жанрларда сөздердің образдылық қызметі де өзгеріп отырады. Ол бірде көрнекілік рөлін атқарса, енді келесіде публицистикалық мәтіннің бейнелеуші және эмоционалдық негізі ретінде көрінеді.

Радиожурналистика жанрларының негізін ауызша айтуға бейімделіп жазылған (речевые тексты) мәтіндер құрайды, олар алдын ала жазылған жазбаша мәтіннен және ауызекі тіл заңдылықтарының элементтерінен тұрады. Әр жанр бір дыбыстық бірлікке, жиынтыққа бағытталып ұйымдастырылады.

Радиохабарды есту арқылы қабылдайтын болғандықтан, мәтіннің немесе сценарийдің айтылатын әңгімеге, сөйленетін сөзге айналу процесіне аса зор мән беріледі. Яғни «радиохабарының бастан-аяқ ойдағыдай тыңдалуы үшін, тек мазмұнды болуы жеткіліксіз. Себебі, маңызды деген материалдың өзін бірқалыпты дауыспен (монотонды) оқу адамның логикалық ойлау жүйесін іске қосқанымен, сезіміне әсер етпейді, әрі адамның логикалық пайымына, сезіміне жазбадан гөрі сөз күшімен, үн тілімен әсер ету оңайырақ та, мүмкіндік те мол». Ал «адам дауысының ырғақтарын, үн реңдерін мәтінге толық түсіру мүмкін болмайды. Немесе қағазға жазылған сөз өзінің қосымша бейнелеуші құралы – үннен айырылады, сол арқылы мазмұны да кемиді» (**З. Паперный**). Сондықтан мәтінді ауызекі тіл стиліне бейімдей отырып жазып, баяндап отырған жайттың мазмұнын ашатын, айтылатын ойды нақты айшықтап суреттейтін негізгі деген сөз тіркестерін іріктеп қағаз бетіне түсіріп, әрі айтылатын әр сөздің ауызша айтқандағы әсер ету деңгейі бірінші кезекте ескерілуі қажет.

Әрбір айтылған сөз естіген немесе көзбен көрген адам бойында оның сезімін қозғайтыны, белгілі бір бейнені тудыратыны сөзсіз. Зерттеуші **А.Ковалев:** «Тілді қолдана отырып, оның көмегімен шындықтың алуан түрлі картинасын бейнелеуге және оқырман бойында жарқын образдар тудыруға болады» – деген пікірін айтады.

Расында да қай замандарда болмасын адам сөз құдіретінің алдында бас иіп келеді. Радиозерттеушілер осы аталған қағиданы да өз еңбектерінде алға ұстанады. Тіл айқындылығы мен бейнелілігі көркем әдебиетке ғана қатысты мәселе емес, ол шынайы публицистиканың ажырамас бөлігі екені де рас. Бұл жөнінде **М.Зарва:** «...Выразительность и изобразительность меняют здесь свое функциональное назначение. Если в художественной литературе с ее методом образной трансформации действительности изобразительно-выразительные средства служат целям познания, то в

публицистике – это один из способов воздействия, убеждения доказательства» – деп атап көрсетті.

Бейнелеу және айқындаушы құралдар әдебиетте танымдық мақсатта қолданылса, радионың табиғатынан келіп туындайтын тілдің немесе сөздің әсер ету, әрі сендіру, дәлелдеу құралы екенін зерттеуші дәл көрсеткен. Радиодағы баяндау тәсілі жанды, көркем болуы керек, тыңдаушыға бейнелі сөзбен әсер ету қажет деген пікірлер де айтылды. Бейнелі сөздің адам ойын өткір, әрі мәнді етіп жеткізудегі және ой нанымдылығын күшейтудегі рөлі айқындала бастады.

Бейнелеу құралдарының тиімділігі оның бір ойды, бір пікірді дәлелдеу бағытында жүйеленіп берілуінде. Ал бұл талаптар жазушы қауымнан қырағылықты, тәжірибені, ең бастысы жазу шеберлігін қажет етті.

Радиожурналистиканың өзгешелігін айта келіп **М.Зарва** эфирден берілетін сөзге талапты басқа қырынан қояды: «Ауызекі сөйлеуге негізделген радиожурналистика оқырмандар мен тыңдаушылардың ой-өрісін жетілдіріп қана қоймай, оның жан дүниесін қозғап, біліктілік пен сезімталдыққа тәрбиелеуі керек» – дейді. Ал зерттеуші **В.Яхонтов** сөздің бейнелілігі мен дыбысталуының сабақтасуын былай көрсетеді: «Зримость слово можно найти в каждом... произведении. Оно требует особой приглядки: как зримое переходит в звучащее слово! Звук – это плацдарм нашего искусства. Звуком рисуешь видимое слово, звуком чувствуешь, страдаешь, восхищаешься и звуком же рассказываешь о месте действия, о мире, о природе, небе, морях, и реках. И конечно же, о людях», яғни бұл анықтама радионың өзіндік табиғатын тануға да көмектеседі.

Бұдан шығатын қорытынды, радиожурналист бейнелеу құралдарының қыр-сырын жетік меңгеріп қана қоймай, радионың өзгеше акустикалық ерекшеліктерін жақсы білуі тиіс.

Радиохабарлар тыңдаушылардың есту қабілетіне негізделіп жасалатындықтан дыбыстың өзіндік сипатын зерттеу хабар берудің озық, әрі жетілген түрін қалыптастыруға, дамытуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Радиохабарлардың мазмұнымен қатар эфирден берілу формасы, естілу ерекшелігі де тыңдаушыны тартып, оның көңіл-күйіне әсер етіп, дыбыс арқылы оқиға бейнесі сомдалуы қажет. Бұл жерде басты қызметті атқаратын нәрсе – сөйлеушінің дауыс ырғағы. Адамның жанды дауысы, оның ырғақтары мен үн реңдері хабар мазмұнын, берілу пішінін жандандыратын ең басты құрал.

Сөз хабардың басты дыбыстық элементі десек те, ол радиодағы идеялық және көркемдік ойдың жалғыз жеткізуші құралы емес. Аудиторияға тиімді ықпал етіп, тыңдаушылардың назарын аудару үшін сөз жеткіліксіз, тек оның музыка және шумен сабақтаса байланысу мүмкіндігі болғанда ғана тыңдарман ықыласын жаулап алуға толықтай сенуге болады.

Сұрақтарға жауап беріңіз?

1.Радиохабарының бейнелеуші құралдары және олардың өзіндік ерекшеліктері?

2.Радиохабардағы сөздің алатын орны қандай?

3.Радиохабардағы музыканың рөлі қандай?

4.Радиохабарда шу қандай қызмет атқарады?

5.Дыбыстық образ дегеніміз не?

6.Стиль қалыптастырушы құралдар дегеніміз не?

7.Буратино тәсілі қандай жағдайда қолданылады?

8.Монтаж жасағанда қойылатын талаптар?

9.Монтаждың түрлері?

Әдебиеттер

1.Омашев Н. Радиожурналистика негіздері. – Алматы, 1983.

2.Смыслов Г. Восприятие речевого общения. – М., 1991. Сағымбеков Р. Алматыдан сөйлеп тұрмыз. – Алматы, 1979.

3.Триккель И. Специфика радиокommуникации, ее выразительные средства и жанры. – Тарту, 1967.

4.Шерель А. Рампа у микрофона. Театр и радио: пути взаимного влияния. – М., 1985. Зарва М. Слово в эфире. – М., 1977

4.К. Қабылғазина. «Радио – ақпаратты жеткізудің ең бірінші құралы». «Қазақстандық және шетелдік БАҚ-тың қызметі: Болашағы және өзекті мәселелері» Бағдарламасы. Алматы, 2011

5.Оразбекова Зейне, Женгиз Ерман. «Язык и стиль современных СМИ», 2017, 225 стр. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30094032>

6.Жейсон Бейнбриж, Никола Гок, Лиз Тайнан. «Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас». Oxford. 2015, 504 б.